

Қостанай қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 1918 "Қостанай қаласында мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 желтоқсандағы № 2185 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 5 желтоқсанда № 10336-10 болып тіркелді

Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай қаласы әкімдігінің "Қостанай қаласында мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесін бекіту туралы" 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 1918 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10062 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуі;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай қаласының әкімі

М. Жундубаев

Қостанай қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 2185 қаулысына
қосымша
Қостанай қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 1918 қаулысына
қосымша

Қостанай қаласында мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесі

1. Қостанай қаласы, Қобыланды батыр даңғылы, "Ет комбинат" аялдамасының жанындағы жарнама тақта;
2. Қостанай қаласы, Қобыланды батыр даңғылы, "Арман" аялдамасының жанындағы жарнама тақта;
3. Қостанай қаласы, Қобыланды батыр даңғылы, 21, Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Қостанай қаласының № 3 емханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жанындағы тұғырлық;
4. Қостанай қаласы, Қобыланды батыр даңғылы, "Пожедепо" аялдамасының жанындағы жарнама тақта;
5. Қостанай қаласы, Қобыланды батыр даңғылы, 31/1, "Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті" аялдамасының жанындағы тұғырлық;
6. Қостанай қаласы, Ғ.Қайырбеков көшесі, "1-шы шағын аудан" аялдамасының жанындағы жарнама тақта;
7. Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі, "ЦОН" аялдамасының жанындағы жарнама тақта;
8. Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, ""Драмтеатр"" аялдамасының жанындағы жарнама тақта;
9. Қостанай қаласы, С.Баймағамбетов көшесі, ""Драмтеатр"" аялдамасының жанындағы жарнама тақта;
10. Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, "Медколледж" аялдамасының жанындағы жарнама тақта;
11. Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, "Гоголь" аялдамасының жанындағы жарнама тақта;
12. Қостанай қаласы, Абай даңғылы, "Емхана" аялдамасының жанындағы жарнама тақта;
13. Қостанай қаласы, Абай даңғылы, "Емшан" сауда орталығы аялдамасының жанындағы жарнама тақта;
14. Қостанай қаласы, Абай даңғылы, "Индустириалдық колледж" аялдамасының жанындағы жарнама тақта;
15. Қостанай қаласы, Абай даңғылы, "2-ші көтеріліс" аялдамасының жанындағы жарнама тақта;
16. Қостанай қаласы, С.Баймағамбетов көшесі, 191, Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының "Облыстық орыс драма театры" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жанындағы тұғырлық;
17. Қостанай қаласы, Ы.Алтынсарин көшесі, 124, "Қостанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Владимир Матвиенко атындағы олимпиадалық резерв балалар-жасөспірімдер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК